

Сандықтау ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 18 қаңтардағы N А-1/3 "Үйлерінде тәрбиеленіп және оқытылатын мүгедек балаларға әлеуметтік көмектің қосымша түрін көрсету туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 24 желтоқсандағы N А-11/269 қаулысы. Ақмола облысы Сандықтау ауданының әділет басқармасында 2009 жылғы 14 қаңтардағы N 1-16-86 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 6 тамыздағы № А-8/289 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 2012.08.06 № А-8/289 қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 1 тармағының 14) тармақшасына сәйкес, «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 11 бабының 2 тармағының 3) тармақшасының, 16 бабының, 29 бабының 6, 7 тармақтарының негізінде, Сандықтау ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Сандықтау ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 18 қаңтардағы № А-1/3 «Үйлерінде тәрбиеленіп және оқытылатын мүгедек балаларға әлеуметтік көмектің қосымша түрін көрсету туралы» (нормативтік құқық актілерін мемлекеттік тіркеудің Аймақтық тізілімінде № 1-16-70 тіркелген, «Сандықтауские вести» газетінде 2008 жылдың 18 ақпанында № 13 (7675) жарияланған) қаулысына, Сандықтау ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 3 сәуірдегі № А-4/59 «Сандықтау ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 18 қаңтардағы № А-1/3 «Үйлерінде тәрбиеленіп және оқытылатын мүгедек балаларға әлеуметтік көмектің қосымша түрін көрсету туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы» (нормативтік құқық актілерін мемлекеттік тіркеудің Аймақтық тізілімінде № 1-16-73 тіркелген, «Сандықтауские вести» газетінде 2008 жылдың 30 сәуірінде № 34 (7700) жарияланған) қаулысына, келесі өзгеріс енгізілсін:

2 тармақта :

үшінші қайырма келесі редакцияда жазылсын:

«әлеуметтік көмекке құқығы бар тұлғалар, «Сандықтау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне келесі құжаттардың тізбесін тапсырады:

1) белгіленген нысандағы өтініш;

- 2) 16 жасқа толмаған мүгедек баланың туу туралы куәлігі;
3) 16-дан 18 жастағы мүгедек балалардың жеке куәлігі;
4) тұрғылықты жері мен отбасы құрамын растайтын құжат;
5) медициналық - әлеуметтік сараптама комиссиясының мүгедектікті анықтау туралы анықтамасы;
6) мүгедек баланы үйде оқыту және тәрбиелеу қажеттілігі туралы психологиялық – педогогикалық консультацияның қорытындысы;
7) мүгедек баланың ата-анасының, ұл баланы асыраушысының (қыз баланы асыраушысының), қамқоршысының, қорғаншысының жеке басын куәландыратын құжат;».

2. Осы қаулы Сандықтау ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сандықтау ауданының әкімі

Ө.Мұсабаев

КЕЛІСІЛДІ

*« С а н д ы қ т а у а у д а н ы н ы ң
э к о н о м и к а ж ә н е б ю д ж е т т і к
ж о с п а р л а у б ө л і м і »
м е м л е к е т т і к м е к е м е с і н і ң*

бастығы

Н.А.Мурашиди